

# МЕНІҢ НАМАЗЫМ

Исламның екінші тірегі

Шынында, намаздарында  
тағзым-итағатпен  
мойынсұнушы мүминдер  
құтылды.

«Әл-Му’минун» сүресі, 1–2 аяттар



Намаз үйренушілерге арналған  
рет-ретімен бейнеленген нұсқаулық

Пайғамбардың (оған  
Аллаһтың игілігі мен сәлемі  
болсын) аты аталған кезде  
мұсылмандар ол үшін салауат  
айтуы керек. Арабша бұл  
дұға былай айтылады:

صلى الله عليه وسلم

*Саллә Аллаһу аләйһи уа  
сәләм.*

Оның мағынасы келесідей:  
оған Аллаһтың игілігі мен  
сәлемі болсын. Бұл  
басылымда салауаттың  
арабша мәтіні ﷺ лигатурасы  
түрінде берілген.

# Намаз – Исламның тіректерінің бірі

Намаз - Аллаһ Тағала мүминдерге парыз еткен ғибадаттың ең бірінші түрі. Бұл Пайғамбардың көкке көтерілген миғраж кезінде орын алған болатын. Намазды әрбір көмелетке жеткен әрі ақыл-есі дұрыс әрбір мұсылман орындауға міндетті.

Намаз – бұл мүмин адам Қиямет Күні сұралатын ең бірінші амал.

Өйткені Аллаһтың Елшісі ﷺ былай деп айтқан:

**«Қиямет Күні Аллаһтың құлы есепке тартылатын ең бірінші амал намаз болады. Егер ол оны дұрыс орындаған болса, онда оның қалған амалдары да жақсы болады. Ал егер ол дұрыс болмаса, онда оның қалған амалдары да дұрыс болмайды».**

Намаздың маңыздылығының ұлықтығы сонша – Аллаһ Тағала оны бізге кез-келген жағдайда: сау-саламат кезімізде және ауырғанда, тұрып, отырып немесе жатып, сапарда және үйде, қауіпсіздікте және бізге әлдебір нәрсе қауіп төндірген тұста орындауды бұйырды.

Намаз біздің бұл дүние мен Ақыретте жетістікке жетуіміздің кілті. Аллаһ Тағала бұл туралы Өзінің Ұлы Кітабында: **«Шындығында, намаздарында тағзым-итағатпен мойынсұнушы мүминдер құтылды»,** - деді (23:1–2). Ал басқа аяттарда былай деп айтылады: **«Олар намаздарына ұқыпты. Міне, солар - мұрагерлер. Олар онда мөңгі қалатын Фирдауыс жәннатына мұрагер болады»** (23:9–11).

Намаз өте жеңіл, әрі мүминнің жаны мен тәніне, жеке адамға және тұтас қоғамға өте үлкен пайда келтіреді. Намаз біздің әрбірімізді Раббымызбен байланыстырады. Оны орындаудан бұрын біз тәніміз бен жанымызды тазалаймыз. Біз Раббымыздың алдында тағзым-итағат пен мойынсұнушылыққа толы күйде тұрып, Ол бізге намаз кезінде орындауға бұйырған Аллаһты зікір ету, Құран оқу, руқұ пен сәжделер жасау, отыру және қиямда тұру сияқты амалдар арқылы жақындаймыз, әрі осы дүние мен Ақыреттің игілігін сұраймыз.

Намаз иманды арттырады, күнәларды өшіреді, кісіні ізгі және салиқалы адамдармен бір қатарға қояды, оған дінде және дүние істерінде көмектеседі әрі оны жаман және жексұрын нәрселерден қорғайды.

Намаз — Исламның ең маңызды құрамдас бөліктерінің бірі, сондықтан да Аллаһ Тағала оны басқа ешқандай ғибадат түрін жеңілдетпегендей жеңілдетті. Аллаһ оның қажетті шарттары мен рүкін-тіректерін оңайластырды, ал оның құрамындағы амалдардың мөлшерін көп емес етті.

Бұл буклеттің мақсаты — сіздерге намазды Мухаммад Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, орындағандай етіп дұрыс орындауды үйренуге көмектесу.

Басқаша айтқанда алдыларыңызда сізге дәрет алуды және намаз оқуды үйрететін әрі оларды тұрақты түрде орындауға жақсы түрткі болатын, жеңілдетілген әрі рет-ретімен суреттелген нұсқаулық тұр.

Намаздағы кейбір сөздер мен амалдардың Сүннетте бекітілген әрі біз оқып үйренуіміз керек болған әртүрлі үлгілері бар. Алайда намаздың парыз екендігін әрі оны орындауды барынша ертерек бастау қажет екендігін ескеріп, біз осы буклетте сіздердің назарларыңызға (Сүннетке сәйкес) намаз оқудың бір нұсқасын ғана ұсынамыз. Оны зерттеп-үйреніп, сіз таяу уақыт ішінде мұминнің Аллаһ Тағала алдындағы осы өте маңызды міндетін орындауды бастай аласыз.

Намаздың толығырақ сүреттемесін сіз, мысалы, **«Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, намазының сипаттамасы»** атты кітабынан оқи аласыз. Бұл кітаптың орыс тіліндегі нұсқасын дүкендерден де, Интернеттен де (ал қазақ тіліндегі нұсқасын Интернеттен) табуға болады.

Аллаһ Тағаладан біздің осы шағын шамалы еңбегімізді қабыл етуін және кемшіліктерімізді кешіруін сұраймыз. Біз осы буклеттің Аллаһ Тағаланың қалауымен сіздер үшін пайдалы болатынына өте үлкен үміт артамыз.



## НАМАЗ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Бұл шарифат тұрғысынан кәмелетке жеткен және Аллаһ Тағалаға мойынсұнған әрбір мұсылман адам күніне бес рет орындауға міндетті болған ғибадат. Намаз — бұл адамның Жаратушы Аллаһ Тағаламен байланысы.

## ИСЛАМНЫҢ ЕКІНШІ ТІРЕГІ

Намаз — Исламның екінші тірегі. Намазды орындау – мұсылманның бірқұдайшылық куәлігінен және Мухаммадтың ﷺ пайғамбарлық миссиясын мойындаудан кейінгі ең бірінші парызы.

Иманның бұл тірегінің ұлықтығы сонша – Аллаһ Тағала оны бізге кез-келген жағдайда бұлжытпай орындауды бұйырды.

## НАМАЗ КІМДЕРГЕ ПАРЫЗ?

Намазды кәмелетке жеткен ақыл-есі дұрыс әрбір мұсылман орындауға міндетті. Кәмелетке жеткендік Исламда келесі белгілердің біреуімен анықталады:

- 1) Ұрық шығудың (поллюция) пайда болуы;
- 2) Шаттың үстінде қатты түктің пайда болуы;
- 3) Қыздарда етеккірдің келуі;
- 4) (Ай күнтізбесі бойынша) 15 жасқа толу.

## КҮНДЕЛІКТІ БЕС УАҚЫТ НАМАЗ



**2** ракат

### Фәжр — таң намазы

Таң атқаннан күн шыққанға дейінгі уақытта орындалады.

Әрқайсысы рақағат деп аталатын екі намаздық циклден тұрады.



**4** ракат

### Зухр — бесін намазы

Күн тас төбеден ауа бастағаннан кейін орындалады.

Төрт рақағаттан тұрады.



**4** ракат

### 'Аср — екінті намазы

Оның уақыты шамамен түспен күн батудың ортасында кіреді.

Төрт рақағаттан тұрады.



**3** ракат

### Мағриб — ақшам намазы

Күн батқан бойда орындалады. Үш рақағаттан тұрады.



**4** ракат

### 'Иша' — құптан намазы

Оның уақыты аспанда күн батқаннан кейінгі қызыл шапақ жоқ болғаннан кейін басталады. Төрт рақағаттан тұрады.

## НАМАЗДЫ ӨЗ УАҚЫТЫНДА ОРЫНДАУ

Әрбір намазды оның уақыты кірген бойда оқыған жақсырақ екенін есте сақтаған маңызды (бұл төрт намазға ғана қатысты, әрі құптан ('иша') намазы бұған жатпайды). Намазды үзірсіз кейінге қалдырып оқуға рұқсат етілмейді, ал оны уақыты өтіп кеткенге дейін кешіктіруге тіпті рұқсат жоқ.

## ҚАЗА ЕТІЛГЕН НАМАЗДАР

Намазды әдейілеп өткізіп алу - үлкен күнә; ал әдейі емес қаза болған намаз (мысалы, егер мұмин адам оны ұйықтап қалып немесе ұмытып қалып қаза еткен болса) еске түскен бойда өтелуі керек. Қаза болған намаздар тура өз уақытында орындалатын намаздар сияқты өтеледі.

## НАМАЗ КЕСТЕСІ

Намаздарды өз уақытында оқу үшін мешіттер (сайттар) тарататын намаз кестелерін пайдаланған өте ыңғайлы.

Аллаһ Тағала былай деді:  
«Расында, намаз мұминдерге белгілі уақытта парыз етілді» ("Ән-Ниса" сүресі, 103 аят).

## МІНДЕТТІ (ПАРЫЗ) ЖӘНЕ (ҚОСЫМША) СҮННЕТ НАМАЗДАР

Төменде келтірілген кестеде сіздер парыз және сүннет намаздарының ракағаттар санын таба аласыз.

Қосымша деп мұмин адам оларды орындаса - Аллаһтан сый-сауап алатын, ал оқи алмай қалса - күнә болмайтын намаздар аталады.

Намаз	Парыздан алдыңғы сүннет	Парыз	Парыздан кейінгі сүннет
фәжр	2	2*	—
зухр	2+2 немесе 4	4	2 немесе 2+2 немесе 4
‘аср	2+2 немесе 4	4	—
мағриб	2	3*	2
‘иша	2 немесе 4	4*	2

\* Бұл намаздардың алғашқы екі ракағаттарында Құран аяттары дауыстап оқылады. Қалған ракағаттарда олар сыбырлап оқылады.



## ТАЗАЛАНУ (ДӘРЕТ)

Ислам тазалыққа өте үлкен мән береді.

Намазға кірісуден бұрын мұмин адам ниетін, денесін және киімін тазартуы қажет.

Жеке және жалпы тазалық мұсылман адамның өмірінде маңызды орынға ие. Намаздың алдында ол денесінде, киімінде және намаз орындайтын жерінде зәр-нәжестің немесе өзге де лас нәрселердің болмауын қадағалауы керек.

Үлкен немесе кіші дәрет сындырғаннан кейін кейін, мүмкіндік болса әрі егер бұл денсаулыққа зиян тигізбесе, сумен тазаланған абзал болады.

Белгілі жағдайларда мұсылман адамға толық шомылып ғұсыл алу міндетті болады.

## НИЕТ

Мұсылманның барлық іс-әрекеті ниетпен қабаттас болуы керек. Ниет іс-әрекет жасаудан бұрын жасалады және осы іс-амал тек Аллаһ Тағала үшін ғана орындалатынын тұспалдайды. Ниеттің орны - жүректе. Ниет тілмен айтылмайды.

Аллаһ Тағала

былай деді:

**«Расында, Аллаһ тәубе етушілерді жақсы көреді және тазаланушыларды жақсы көреді»** ("әл-Бақара" сүресі, 222 аят).

Аллаһтың

Елшісі ﷺ былай деді:

**«Расында, амалдар ниетке қарай бағаланады, әрі әрбір адам ниет еткен нәрсесін ғана алады...»**

# ДӨРӨТ АЛУ (УУДУ)



## ДӘРЕТ АЛУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Аллаһтың Елшісі ﷺ: «Дәреті бұзылғанның намазы ол дәрет алмайынша қабыл болмайды», - деді.

### ДӘРЕТ АЛУДЫҢ БЕРЕКЕСІ

Аллаһтың Елшісі ﷺ былай деп айтты: «Аллаһтың мұмин құлы [дәрет алып жатып] ауызын шайғанда, оның күнәлары ауызынан (жуылып) түседі. Ал ол мұрнын жуғанда, оның күнәлары мұрнынан (жуылып) түседі. Ол бетін жуғанда, күнәлары оның бетінен әрі тіпті қабағының астынан (жуылып) түседі. Ол қолдарын жуғанда, оның күнәлары қолдарынан, тіпті тырнақтарының астынан (жуылып) түседі. Ол басына масих тартқанда, оның күнәлары басынан, тіпті оның құлағының ішінен (жуылып) түседі. Әрі ол аяқтарын жуғанда, күнәлары оның аяғынан, тіпті аяқ тырнақтарының астынан (жуылып) түседі».

### ДӘРЕТ АЛУДАН БҰРЫН

- 1 Қажеттілік болып жатса, кіші дәрет сындыру. Дәрет сындырған соң сумен тазаланған абзал болады.
- 2 Тісті сиуакпен (немесе әдеттегі тіс щеткасымен) тазалаған дұрыс, алайда бұл міндетті емес, бірақ мүмкіндік болса, оны орындаған жақсы болады, өйткені бұған бізді Пайғамбар ﷺ үндеген.
- 3 Бұл - жай гигиеналық тазалану емес, осыдан кейін орындалатын намаз үшін алынатын дәрет деп ниет ету.

# ДӘРЕТТІ РЕТ-РЕТІМЕН АЛУДЫҢ ҮЛГІСІ

МҰСЫЛМАН АДАМ ДӘРЕТ АЛУҒА  
КІРІСЕРДЕ КЕЛЕСІ НӘРСЕЛЕРДІ ІСТЕЙДІ.

## кезек 1



Жүрегінде дәрет алуға ниет жасап,  
басмәләны айтады:


*Би-сми Аләһи*  
Аллаһтың атымен

بِسْمِ اللّٰهِ

## кезек 2

×3

Екі қолын  
білезіктерін  
қоса жақсылап  
жуады, әрі осы  
орайда  
саусақтарының  
арасын да  
жуып шығады.



## шаг 3



x3

Ауызын үш рет шаяды. Оң уысымен ауызына су алып, ауыз қуысын үш рет шаяды да, суды түкіріп тастайды.

## кезек 4



x3

Мұрнын үш рет шаяды. Оң алақанымен мұрнына мүмкіндігінше тереңірек су алады да, содан соң оны сол қолының көмегімен сіңгіріп тастайды. (Ауыз бен мұрынды шаюды бір мезетте істеуге болады.)

## кезек 5



x1

Бетін маңдай үстіндегі шаш шекарасынан иекке дейін әрі құлақтан құлаққа дейін түгел жуады. Осы орайда аталған жердің барлығына су толық тиюін қадағалау қажет. Бетті бір рет жуса да, үш рет жуса да болады. (Егер мұсылман адамның сақалы болса, онда ол уысына тағы да бөлек су алып, оны иегіне бүркеп, ылғал саусақтарымен сақалының араларын түбіне дейін тарап шығуы керек болады.)

**кезек 6**

x3

Екі қолын оң қолынан бастап шынтақтарына дейін үш рет жуады.

**кезек 7**

x1

Ылғал саусақтарымен басын мандайдағы шаштың шекарасынан желкеге дейін әрі кері қарай бір қозғалыспен бір рет сүртеді.

**кезек 8**

x1

Ылғал сүк саусақтарымен құлағының ішкі жағын, ал бас бармағымен құлақтың артқы жағын бір рет сүртеді; екі құлақ та бір мезетте сүртіледі.




## кезек 9

x3

Оң аяғынан бастап  
екі аяғын  
тобықтарын қоса  
үш рет жуады. Аяқ  
саусақтарының  
арасын да жуу  
қажет.



## кезек 10



*Әшһаду ән лә иләһа иллә Ллаһу  
уахда-һу лә шарика лә-һууа әшһаду  
әннә Мухаммадан ‘абду-һу уа  
расулю-һу*

Серігі жоқ жалғыз Аллаһтан басқа  
құлшылыққа лайықты құдай жоқ деп  
куәлік етемін, және Мухаммад Оның  
құлы әрі елшісі деп куәлік беремін.

أَشْهَدُ أَنْ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَحْدَهُ لَا شَرِيكَ  
لَهُ وَأَشْهَدُ أَنَّ مُحَمَّدًا عَبْدُهُ وَرَسُولُهُ

*Аллаһуммә ж’әл-ни мин өт-тауабина  
уа-ж’әл-ни мин әл-мутатаххирина*

Я Аллаһ, мені тәубе етісшілерден ете  
гөр және мені тазаланушылардан ете  
гөр!

اللَّهُمَّ اجْعَلْنِي مِنَ التَّوَّابِينَ وَاجْعَلْنِي مِنَ  
الْمُتَطَهِّرِينَ

## Аллаһтың Елшісі

*Жақсылап  
дәрет алып,  
кейін осы  
сөздерді айтқан  
кез-келген  
адамның  
алдынан  
міндетті түрде  
Жәннаттың сегіз  
қақпалары  
ашылады да, ол  
қалағанына  
кіреді деп  
айтқан.*

## МАСИХ ТАРТУ

Дәрет алғанда аяқты жуудың орнына шұлықтың немесе аяқ киімнің үстінен ылғал қолмен масих тартуға (сүртуге) рұқсат етіледі, бірақ шұлық немесе аяқ киім дәретті күйде аяқ жуылғаннан кейін бірден киілген болуы әрі содан кейін шешілмеген болуы шарт. Табанның тек үстінгі жағына және тек бір рет қана масих тартылады.

Мұндай масих тарту бір тәулікке рұқсат етіледі, ал сапардағы адамға - үш тәулікке. Осы мерзім өткен соң келесі дәрет алу кезінде аяқты жуу қажет болады, осыдан соң тағы да масих тартуға рұқсат етілген жаңа мерзім басталады.

Сондай-ақ, егер дәрет алу кезінде жуылуға тиісті қандай да бір жерде жарақат болатын болса, онда жуудың орнына жараға қойылған таңғыштың үстінен ылғал қолмен масих тартуға рұқсат етіледі.



## ДӘРЕТТІ НЕ БҰЗАДЫ?

Келесі нәрселер дәретті күйді бұзады, әрі оны қайта қалпына келтіру үшін қайта дәрет алу қажет болады:

1. Іштен желдің шығуы.
2. Зәр не тезектің шығуы.
3. Адам өзімен не орын алып жатқанын сезбейтіндей терең ұйқы, мастық, сондай-ақ ақыл мен есті жоғалтатын басқа да жағдайлар.
4. Жыныстық мүшелерге шақуатпен бөгетсіз қолмен тию.
5. Шақуат көтерілген кезде шығатын сұйықтық (мәзи).

Келесі жағдайларда толық ғұсыл алу міндетті болады.

1. Жыныстық қатынас (тіпті ұрық шықпаған болса да).
2. Ұрық шығу (мысалы, поллюция).
3. Етеккір немесе туудан кейінгі қансырау.
4. Исламды қабылдау.

Егер адам дәреті бұзылғанын не бұзылмағанын есіне түсіре алмаса, онда ол дәреті бұзылғанына анық көзі жетпейінше дәретті күйде болып саналады.

Әйел кісіге етеккірі келіп жатқанда және туудан кейінгі қансырау кезінде намаз оқуға тыйым салынады. Осы кезде қаза болған намаздар қайта өтелмейді.

НАМАЗ



## НАМАЗДЫҢ АЛДЫНДА

Намазға кірісуден бұрын мұсылман адам келесі нәрселерге көзі жетуі керек:

### 1 Дұрыс киінгеніне:

- ер адамның кіндігінен тізесіне дейінгі әуреті және иықтары жабық болуы, киімі кең әрі астынан денесі көрінбейтіндей, сондай-ақ тірі жандардың сүреттерінсіз болуы қажет.
- әйел кісі алақандары мен бетінен басқа бүкіл денесін жабуға тиіс, оның киімі кең әрі астынан денесі көрінбейтіндей, сондай-ақ тірі жандардың сүреттерінсіз болуы қажет (егер әйел кісі мешітке (не көшеге) шықса, онда оның үстінен өтірдің немесе басқа да сол сияқты заттардың хош иісі шықпауы керек.)

### 2 Оның киімі және намаз оқитын орны зәр, нәжес және сол сияқты лас нәрселерден таза екеніне.

### 3 Өзінің дәретті күйде екеніне.

Аллаһтың Елшісі ﷺ: "Аллаһ дәретсіз намазды қабыл етпейді", - деді [Муслим].

### 4 Намаздың уақытың кіргеніне. Аллаһ Тағала былай деді: **«Расында, намаз мүминдерге белгілі уақытта парыз етілді».**

### 5 Жүзінің қыблаға, яғни Меккедегі Қағба жаққа қарап тұрғанына. Мұсылман адам қай жерде болса да, намазға кірісерде жүзін Мекке жаққа қаратуы керек. Қазіргі кезде арнайы компастар сатылады, ал мобилді телефондар үшін мұсылмандарға жердің кез-келген бөлігінде қыбланы қиындықсыз анықтауға көмектесетін бағдарламалар жасалған.

Егер мұсылман адам намазды жамағаттан бөлек оқуына тура келсе, немесе ол ашық жерде намаз оқийн деп тұрса, онда алдына өзін өтіп жатқан адамдардан бөлетін бөгет (сутра) қоюы керек. Оның биіктігі түйенің ер тоқымындай, ал намаз оқушыдан қашықтығы үш шынтактақтай болуы керек.

## НАМАЗДЫ РЕТ-РЕТІМЕН ОРЫНДАУ

### НАМАЗДЫҢ БІРІНШІ РАКАҒАТЫН ОРЫНДАУ

Мұсылман адам жүзін қыблаға қаратып, белгілі парыз немесе сүннет намазын орындауды ниет етеді.

#### кезек 1

Ол тік тұрып, көзін сәжде жасайтын орнына қадайды, сосын қолын иық немесе құлақ тұсына дейін көтеріп, тәкбір айтады:

*Аллаһу әкбару*  
Аллаһ ұлы.

اللَّهُ أَكْبَرُ

Ол намазды ашатын дуғаны айтады. Бұл дуғаның әртүрлі үлгілері бар. Мысалы:

*Субханә-кә Аллаһуммә уа бихамди-кә  
уа табара-кә смү-кә уа та'алә жәдду-кә  
уа лә иләһа ғайру-кә*

Сен пәксің, я Аллаһ, әрі Саған бүкіл мадақ,  
Сенің Есімің игі-берекелі, Сенің ұлылығын  
барлық нәрседен ұлы, және Сенен басқа  
құлашылыққа лайықты құдай жоқ!

سُبْحَانَكَ اللَّهُمَّ وَبِحَمْدِكَ، وَتَبَارَكَ اسْمُكَ، وَتَعَالَى جَدُّكَ،  
وَلَا إِلَهَ غَيْرُكَ


#### кезек 2

Ол оң қолын сол қолының үстіне көкірегіне қойып, былай деп айтады:

*Әузу би-Аләһи мин әш-шайтани р-ражими*  
*Лағынеттелген шайтаннан Аллаһқа сиынамын.*

أَعُوذُ بِاللَّهِ مِنَ الشَّيْطَانِ الرَّجِيمِ





1

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

*Би-сми Ләһи р-Рахмани р-Рахим*

Аса Мейірімді, Ерекше  
Рахымды Аллаһтың атымен!

2

الْحَمْدُ لِلَّهِ رَبِّ الْعَالَمِينَ

*Әл-хамду ли-Ләһи Рабби-ль- 'аләмин*

Әлемдердің Раббысы -  
Аллаһқа мадақ,

3

الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

*Әр-Рахмани-р-Рахим*

Аса Мейірімді, Ерекше  
Рахымдыға,

4

مَالِكِ يَوْمِ الدِّينِ

*Мәлики йәуми-д-дин*

Қиямет Күннің Патшасына.

5

إِيَّاكَ نَعْبُدُ وَإِيَّاكَ نَسْتَعِينُ

*Ийякә нә'буду уа ийякә нәстә'ин*

Саған ғана құлшылық етеміз  
әрі Сенен ғана жәрдем  
сұраймыз.

6

اهْدِنَا الصِّرَاطَ الْمُسْتَقِيمَ

*Иһди-на с-сырато ль-мұстақим*

Бізді тура жолыңмен жүргізе  
гөр,

## кезек 3 ЖАЛҒАСЫ



7

صِرَاطَ الَّذِينَ أَنْعَمْتَ عَلَيْهِمْ  
غَيْرِ الْمَغْضُوبِ عَلَيْهِمْ وَلَا الضَّالِّينَ

*Сырат алләзина ән'әмтә 'аләй-  
һим ғайри ль-мағдуби 'аләй-  
һим уа лә д-даллин*

Нығметке бөлегендеріңнің  
жолымен, қаһаһарыңа  
ұшырағандардың және  
адасқандардың жолымен емес.

Содан соң ол:

*Әмин!*

Уа Аллаһ, тілегімізді қабыл ете  
гөр!

أَمِينَ

дейді.

## кезек 4

Егер бұл бірінші, не екінші ракағат болса, онда ол Құраннан тағы бір сүре оқиды. Құранның кейбір қысқа сүрелерін осы буклеттің соңында табуға болады. Үшінші және төртінші ракағатта тек "әл-Фатиха" сүресі оқылады.

## кезек 5



Ол тік тұрған күйінде екі қолын алақандарын қыблаға қаратып иық немесе құлақ тұсына дейін көтереді де, тәкбір айтады:

*Аллаһу әкбару*  
Аллаһ ұлы.

اللَّهُ أَكْبَرُ

## кезек 6

Ол рукуғ жасап, онда қимылсыз тұрады, әрі келесі сөздерді үш рет айтады:



سُبْحَانَ رَبِّيَ الْعَظِيمِ

×3

*Субхана Раббийәл-‘Азыми*  
Менің Ұлы Раббым Пәк.

## кезек 7

Ол екі қолын иық немесе құлақ тұсына дейін көтеріп, келесі сөздерді айтып, бойын түзейді:



سَمِعَ اللَّهُ لِمَنْ حَمَدَهُ

*Сами‘а Ллаһу ли-ман хамида-һу*  
Аллаһ Оны мақтағанды естиді.

## кезек 8

Бойын  
толық түзеп  
болып ол  
былай дейді:



رَبَّنَا وَلَكَ الْحَمْدُ

*Рабба-нә уа лә-кәл-хамду*

Раббымыз, Саған мадақ!

## кезек 9

Ол тәкбір айтып,  
сәждеге барады:

*Аллаһу әкбару*  
Аллаһ ұлы.

الله أَكْبَرُ

Осы орайда оның мұрны мен маңдайы жерге тиеді, алақандары, саусақтары бір-біріне тығыз қысылған күйінде, иықтарымен немесе құлақтарымен бір сызықта жерге тіреледі. Оның білектері, шынтақтары еденге тимейтіндей етіп, көтеріліп ұсталады. Сондай-ақ оның тізелері мен тік қойылған табанының саусақтары да жерге тіреледі. Осы күйде ол үш рет былай деп қайталайды:



×3

*Субхана Раббийәл-А'лә*

Аса Жоғары Раббым  
Пәк.

سُبْحَانَ رَبِّيَ الْأَعْلَى



## кезек 10

Кейін сол аяғының табанын астына төсеп, оның үстіне отырады, ал оң аяғының табанын саусақтарын қыблаға қаратқан күйде жерге тіреп тік қояды. Екі қолын болса екі тізесінің үстіне қояды да, осы күйінде үш рет мына сөздерді айтады:



Ол тәкбір айтумен басын сәждеден көтереді:

*Аллаһу әкбару* اللهُ أَكْبَرُ  
Аллаһ ұлы.

رَبِّ اغْفِرْ لِي

×3

*Рабби ғфир-ли*  
Раббым, мені кешіре гөр.

## кезек 11

Ол тәкбір айтып, 9 кезекте суреттелген қалыпты қабылдаумен қайтадан сәжде жасайды:

Осы қалпында ол келесі сөздерді үш рет қайталайды:



*Аллаһу әкбару* اللهُ أَكْبَرُ  
Аллаһ ұлы.

*Субхана Рабийәл-А'лә*  
Аса Жоғары Раббым  
пәк.

×3

سُبْحَانَ رَبِّيَ الْأَعْلَى

Намаздың бірінші ракағатты аяқталды. Енді намаз орындаушы намаздың екінші ракағатын орындауы керек (егер намаз екі ракағаттан тұрса, онда ол соңғы ракағат болып табылады).

## ЕКІНШІ РАКАҒАТТЫ ОРЫНДАУ

### кезек 1

Ол тәкбір айтумен сәждеден бой түзеп, қайта тік тұрады:

*Аллаһу әкбару* اللهُ أَكْبَرُ  
Аллаһ ұлы.



### кезек 2

Ол намаздың бірінші ракағатының сүреттемесіндегі 3–11 кезектерді қайталайды.



## кезек 3



11 кезектен кейін ол тәкбір айтады:

*Аллаһу әкбару*  
Аллаһ ұлы.

الله أكبر

Осыдан кейін ол тұрмастан 10 кезекте көрсетілген екі сәжденің арасында отырғандай қалыпта отыра береді. Отырған күйінде ол оң қолын жұдырыққа қысып, сұқ саусағын қыблаға қарата көтереді де, соған көзін тіккен күйде сыбырлап ташаһһуд сөздерін айтады:



① *Әт-тахиййату ли-Аләһи уа-с-соләуату уа-т-тоййибату*

Сәлемдер, намаздар және ең игі сөздер Аллаһқа,

التَّحِيَّاتُ لِلَّهِ، وَالصَّلَوَاتُ وَالطَّيِّبَاتُ

② *әс-сәләму ‘аләй-кә әййуһа н-нәбиййу саған сәлем, уа Пайғамбар,*

السَّلَامُ عَلَيْكَ أَيُّهَا النَّبِيُّ

③ *уа рахмату Ләһи уа баракәту-һу және Аллаһтың рахметі мен берекесі,*

وَرَحْمَةُ اللَّهِ وَبَرَكَاتُهُ



- 4 *әс-сәләму ‘аләй-на уа ‘алә ‘ибади Лләһи с-солихина .*  
бізге және Аллаһтың салиқалы құлдарына сәлем.

السَّلَامُ عَلَيْنَا وَعَلَىٰ عِبَادِ اللَّهِ الصَّالِحِينَ

- 5 *Әшһаду ән лә иләһа иллә Ллаһу*  
Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ екеніне куәлік беремін,

أَشْهَدُ أَنْ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ

- 6 *уа әшһаду әннә Мухаммадан ‘абду-һу уа расулу-һу*  
және Мухаммад Оның құлы әрі елшісі екеніне куәлік беремін.

وَأَشْهَدُ أَنَّ مُحَمَّدًا عَبْدُهُ وَرَسُولُهُ

## ӘРІ ҚАРАЙ НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Сонымен, кісі екі рақағат намазды орындады. Оның әрі қарай жасайтын іс-әрекеттері ол қандай намазды оқып жатқанына және ол намаз қанша рақағаттан тұратынына байланысты болады.

### ФӘЖР

бірінші  
рақағат

екінші  
рақағат

намазды  
аяқтау

28 б. қ-з.

### ЗУХР; АСР; ИША

бірінші  
рақағат

екінші  
рақағат

үшінші  
рақағат

төртінші  
рақағат

намазды  
аяқтау

18 беттегі  
3-11  
кезектер

24 б. қ-з.

28 б. қ-з.

### МАҒРИБ

бірінші  
рақағат

екінші  
рақағат

үшінші  
рақағат

намазды  
аяқтау

24 б. қ-з.

28 б. қ-з.

# НАМАЗДЫ АЯҚТАУ

## кезек 1

Ол  
келесідей  
үлгімен  
салауат  
айтады:




اللَّهُمَّ صَلِّ عَلَى مُحَمَّدٍ، وَعَلَى آلِ مُحَمَّدٍ، كَمَا  
صَلَّيْتَ عَلَى إِبْرَاهِيمَ، وَعَلَى آلِ إِبْرَاهِيمَ،  
إِنَّكَ حَمِيدٌ مُجِيدٌ، اللَّهُمَّ بَارِكْ عَلَى مُحَمَّدٍ وَعَلَى  
آلِ مُحَمَّدٍ، كَمَا بَارَكْتَ عَلَى إِبْرَاهِيمَ وَعَلَى  
آلِ إِبْرَاهِيمَ، إِنَّكَ حَمِيدٌ مُجِيدٌ

*Аллаһумма соли 'алә Мухаммадин,  
уә 'алә әли Мухаммадин,  
кә-ма солләйта 'алә Ибраһима уә  
'алә әли Ибраһима. Иннә-кә  
Хамидун Мәжидун*

*Аллаһумма барик 'алә Мухаммадин,  
уә 'алә әли Мухаммадин,  
кә-ма баракта 'алә Ибраһима уә 'алә  
әли Ибраһима. Иннә-кә Хамидун  
Мәжидун*

Уә, Аллах! Сен Ибраһимге және  
оның отбасына игілік еткеніндей,  
Мухаммадқа және оның отбасына  
да игілік ет, шын мәнінде, Сен Аса  
Мақтаулы әрі Данқтысың!

**кезек 1** ЖАЛҒАСЫ


әрі мына  
дұғаны да:

Уа, Аллах! Сен Ибраһимге және оның отбасына береке бергеніңдей, Мухаммадқа және Мухаммадтың отбасына береке бер; шын мәнінде, Сен – Аса Мақтаулы әрі Даңқтысың!

اللَّهُمَّ إِنِّي أَعُوذُ بِكَ مِنْ عَذَابِ الْقَبْرِ، وَمِنْ  
عَذَابِ جَهَنَّمَ، وَمِنْ فِتْنَةِ الْمَحْيَا  
وَالْمَمَاتِ، وَمِنْ شَرِّ فِتْنَةِ الْمَسِيحِ الدَّجَالِ

*Аллаһуммә, инни ә'узу бикә мин  
'азәбил-қабри, уә мин 'азәби  
жәһәннәма, уә мин фитнәтил  
махйа уәл-мәмәти, уә мин шәрри  
фитнәтил мәсихи-д-дәжжәл!*

Уа, Аллах, мен Өзіңе қабір азабынан, Жәһаннам (Тозақ) азабынан, өмір мен өлім бүлігінен және Дәжжәл бүлігінен пана тілеп сыйынамын.

Осыдан кейін ол Аллаһқа Құран мен Сүннетте келген қалаған дұғасымен жалбарынады да, намазын таслиммен аяқтайды. Бұл үшін ол келесі нәрселерді істейді:

## кезек 2



Ол басын оң жаққа бұрып, былай деп айтады:

السَّلَامُ عَلَيْكُمْ وَرَحْمَةُ اللَّهِ

*Әс-сәләму ‘аләй-қум уа рахмату Лаһи*  
Сендерге сәлем және Аллаһтың рахметі болсын.

## кезек 3

Ол басын сол жаққа бұрып, былай дейді:

السَّلَامُ عَلَيْكُمْ وَرَحْمَةُ اللَّهِ

*Әс-сәләму ‘аләй-қум уа рахмату Лаһи*  
Сендерге сәлем және Аллаһтың рахметі болсын.






Намаз аяқталды. Намаздан кейін қосымша амалдарды, сондай-ақ, егер осы намаздан кейін сүннет намаздар бар болатын болса, оларды орындаған абзал болады .

**Намаздан кейін орындалатын** қосымша амалдар

Ол келесі сөздерді айтады:



*субхана Ллаһ*

Аллаһ пәк

**x33**

سُبْحَانَ اللَّهِ

*әл-хамду ли-Лләһ*

Аллаһқа мадақ

**x33**

الْحَمْدُ لِلَّهِ

*Аллаһу әкбар*

Аллаһ ұлы

**x34**

اللَّهُ أَكْبَرُ

## ҚҰРАННЫҢ ҚЫСҚА СҮРЕЛЕРІ

Төменде келтірілген кез-келген сүрені намаздың бірінші және екінші ракағаттарында "әл-Фатихадан" кейін оқуға болады.

### 108 СҮРЕ: "ӘЛ-КӘУСАР"

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

*Би-сми Лләһи р-Рахмани р-Рахим*

Аса Мейірімді, Ерекше Рахымды  
Аллаһтың атымен.

1

إِنَّا أَعْطَيْنَاكَ الْكَوْثَرَ

*Иннә ә'тойнә-кә-л-Кәусар,*

Расында, Біз саған Кәусарды сыйладық,

2

فَصَلِّ لِرَبِّكَ وَأَنْحَرْ

*фә-солли ли-Робби-кә уә-һнар.*

Сондықтан Раббың үшін намаз оқы және  
құрбан шал.

3

إِنَّ شَانِئَكَ هُوَ الْأَبْتَرُ

*Иннә шәниә-кә һууә-л-әбтәр*

Ақиқатында, сені жек көрушінің өзі  
перзентсіз қалады.

## 109 СҮРЕ: "ӘЛ-КӘФИРУН"

بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمٰنِ الرَّحِیْمِ

*Би-сми Лләһи р-Рахмани р-Рахим.*

Аса Мейірімді, Ерекше Рахымды  
Аллаһтың атымен.

1

قُلْ يَا أَيُّهَا الْكَافِرُونَ

*Қуль йә әййүһә-л-кәфирун*

Айт: «Әй кәпірлер!

2

لَا أَعْبُدُ مَا تَعْبُدُونَ

*лә ә'буду мә тә'будун,*

Мен сендердің табынғандарыңа  
табынбаймын,

3

وَلَا أَنْتُمْ عَابِدُونَ مَا أَعْبُدُ

*уә лә әнтум 'абидунә мә ә'буд*

әрі сендер де менің құлшылық еткеніме  
құлшылық етпейсіңдер.

4

وَلَا أَنَا عَابِدٌ مَا عَبَدْتُمْ

*уә лә әнә 'абидум мә 'абәдтум,*

Сірә мен сендердің құлшылық  
еткендеріңе құлшылық етуші  
емеспін,

5

وَلَا أَنْتُمْ عَابِدُونَ مَا أَعْبُدُ

*уә лә әнтум 'абидуна мә а'буд.*

әрі сендер де менің құлшылық  
еткеніме құлшылық етуші  
емессіңдер.

6

لَكُمْ دِينُكُمْ وَلِيَ دِينِ

*Лә-кум дину-кум уә лийа дин*

Сендердің діндерің өздеріңе, менің  
дінім өзіме».

## 112 СҮРЕ: "ӘЛ-ИХЛӘС"

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

*Би-сми Лләһи р-Рахмани р-Рахим.*

Аса Мейірімді, Ерекше Рахымды  
Аллаһтың атымен.

1

قُلْ هُوَ اللَّهُ أَحَدٌ

*Құл һуә Ллаһу Әһад,*

Айт: «Ол — Аллаһ Жалғыз,

2

اللَّهُ الصَّمَدُ

*Аллаһу-с-Сомад.*

Аллаһ Мүңсыз.

3

لَمْ يَلِدْ وَلَمْ يُولَدْ

*Ләм йалид уә ләм йуләд,*

Ол тумады да, туылмады,

4

وَلَمْ يَكُنْ لَهُ كُفُوًا أَحَدٌ

*уә ләм йақуль лә-һу куфууән әһад*

Әрі Оған тең ешкім жоқ.

## 113 СҮРЕ: "ӘЛ-ФӘЛӘҚ"

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

*Би-сми Ләһи р-Рахмани р-Рахим.*

Аса Мейірімді, Ерекше Рахымды  
Аллаһтың атымен.

1

قُلْ أَعُوذُ بِرَبِّ الْفَلَقِ

*Қуль әузу би-Робби-л-фәләқ*

Айт: «Таңның Раббысына сиынамын:

2

مِنْ شَرِّ مَا خَلَقَ

*мин шәрри мә холәқ*

Оның жаратқан нәрселерінің кесірінен,

3

وَمِنْ شَرِّ غَاسِقٍ إِذَا وَقَبَ

*уә мин шәрри ғасиқин изә уәқоб*

қараңғылық басқан сәтте түннің  
кесірінен,

4

وَمِنْ شَرِّ النَّفَّاثَاتِ فِي الْعُقَدِ

*уә мин шәрри-н-нәффәсәти фи-л-ұқод*

түйіншектерге дем салушылардың  
кесірінен,

5

وَمِنْ شَرِّ حَاسِدٍ إِذَا حَسَدَ

*уә мин шәрри хасидин изә хасад*

күншілдің күндеген сәттегі  
кесірінен" .

## 114 СҮРЕ: "ӨН-НӘС"

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

*Би-сми Лләһи р-Рахмани р-Рахим.*

Аса Мейірімді, Ерекше Рахымды  
Аллаһтың атымен.

1

*Куль әузу би-Робби-н-нәс,*

Айт: «Адамдардың Раббысына  
сиынамын,

قُلْ أَعُوذُ بِرَبِّ النَّاسِ

2

*Мәлики-н-нәс,*

Адамдардың Патшасына,

مَلِكِ النَّاسِ

3

*Иләһи н-нәс,*

Адамдардың Құдайына,

إِلَهِ النَّاسِ

4

*мин шәрри-л-уәсуәси-л-хоннәс,*

[Аллаһты зікір еткен кезде] жоғалатын  
азғырушының кесірінен,

مِنْ شَرِّ الْوَسْوَاسِ الْخَنَّاسِ

5

*әлләзи йууәсуису фи судури-н-нәс*

сондай адамдардың көкейіне салатын,

الَّذِي يُوسْوِسُ فِي صُدُورِ النَّاسِ

6

*мин әл-жиннәти уә-н-нәс*

мейлі жынннан, мейлі адамнан  
болсын".

مِنَ الْجِنَّةِ وَالنَّاسِ

«My Prayer  
Project» ([www.imanprojects.com](http://www.imanprojects.com)) жобасына үлгісін  
жасағаны үшін және орыс  
тілінде орналастыру  
құқығын бергені үшін  
ерекше алғысымызды  
білдіреміз.

Бұл басылымда  
Аллаһ Тағаланың  
есімдері аталады әрі  
Құранның аяттары  
келтіріледі.  
Сондықтан да оған  
ұқыптылықпен  
қарауыңызды және  
лас жерлерден аулақ  
ұстауыңызды  
сұранамыз.

**менің  
НАМАЗЫМ**